# ЦИКЛОГРАММА

*Төртінші апта (23-27 мамыр 2022ж.)*

**ЖСШ «Аслан –Али» «Еркемай» балабақшасы «Жұлдыздар» ересек тобы.**

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»**

**Тақырыпша: «Көңілді жаз»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | **« Қоян қай жолмен көп сәбіз жинайды»** Мақсаты: Балалардың танымдық қабілетін дамыту.Ойлау есте сақтау қабілеттерін арттыру | Ойын : «Не артық?» Мақсаты:суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. | **«Қуыршақты киіндір»** Мақсаты:Үстел үсті ойнатылатын дидактикалық қуыршақты киіндіріп оның қай мезгілгі сәйкес киінгенін айтады.. | Таңертеңгілік шеңбер «Арайлап таң атты, Қайырлы күн!» Ертеңгілік жаттығу. «Санау таяқшаларынан бейнелерді құрастыр» | **«Біз ойнап,білім аламыз»** Мақсаты:Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.Ойлау қабілетін дамыту. |
| **Таңертеңгі гимнастика (10-15 мин)** | **Жаттығулар кешені**<br>**І-Кіріспе**<br>Бір сапқа тұрып,бір-бірінің артынан жүру,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.Бір қатармен жүріп келіп,3 қатарға тұру.<br>**ІІ-Негізгі бөлім лентамен**<br>1.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде,қолды алға,жоғары,жанына,төмен түсіру.5-6 рет<br>2.Б.қ.к.аяқ бірге,қол төменде қолдарын екі жанынан жоғары көтеріп,айқастырып,төмен түсіру (5-6 рет)<br>3.Б.ққ.аяқ алшақ,қол белде оң жаққа қозғалғанда оң қолды көтеру,сол жаққа қозғалғанда сол қолды көтеру,екі жаққа да 3 реттен<br>4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол алда қолды кезек-кезек айқастыру ( 5-6 рет)<br>5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде қолды созып отырып тұру.<br>6.Б.қ.к аяқ бірге,қол кеудеде екі аяқтап секіру (14-16 сек)<br>**ІІІ-Қорытынды**<br>3 қатардан 1-қатарға келу,жүру,жүгіру,тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>(Жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.) | | | | |
| **Таңғы ас** | Алтын ақыл: Ас үстінде көп сөйлеп, көп күлмеу т.б | | | | |
| **Ойындар,** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **Қ/о: «Доп»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру. | **Қ/ойын:Қоңырау қайдан естіледі?**<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, мәнерлі де , мәнді жасауға үйрету. | **Қ/ойын: «Топ ішіне саяхат»**<br>**Мақсаты:**Баланың тапқырлығын,ақыл-ойын дамыту,зейінділігін ,сөз қорын молайту. | **«Қонақтарды қарсы аламыз» желілі-рөлді ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, мәнерлі де , мәнді жасауға үйрету. | **Қ/ойын: «Шар ойыны»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеңіл , бір-бірімен соқтығыспай жүруге , өрмелей білуге , жылдам барып өз орнын таба білуге машықтандыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қолды екпінмен жазып, допты көлденең нысанаға көздеп лақтыруға үйрету, допты лақтыратын қол жанындағы аяқты ақырын алға қою қабілетін жетілдіру. Алақан мен тізені тіреп еңбектеу, өз қимылдарын қадағалау, арқаны тік ұстау қабілетін ныгайту. Құбылмалы жағдайларда өзінің қозғалыс тәжірибесін дұрыс пайдалана білу қабілетін нығайтуды, батылдыққа, табандылыққа<br>**Барысы:**<br>1. Қарқынды өзгерте отырып жүру және жүгіру<br>2.ЖДЖ.<br>3.Негізгі жаттығу.<br>- Алақан мен тізені тіреп еңбектеу<br>- допты көлденен нысанаға көздеп лақтыруға үйрету<br>4. Қ.О. «**Маймылдар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеңіл , бір-бірімен соқтығыспай жүруге , өрмелей білуге , жылдам барып өз орнын таба білуге машықтандыру.<br>5.Қортынды | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**: Жұптасып жүрген кезде үйлесімді қимылдау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аумағы шектелген аймақта қысқа-қысқа адымдар жасап аяқтың ұшымен жүру, денені тік ұстау қабілетін нығайту. Жалпақтабанның алдын алу. Допты жоғарыға лақтыру және оны қос қолдап қағып алуға жаттықтыру<br>**Барысы:**<br>1. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру<br>2.ЖДЖ.<br>3.Негізгі жаттығу<br>- Допты жоғарыға лақтыру және оны қос қолдап қағып алуға жаттықтыру<br>- аймақта қысқа-қысқа адымдар жасап аяқтың ұшымен жүру<br>4.Қ.О. «Қоңырау қайдан естіледі?»<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, мәнерлі де , мәнді жасауға үйрету.<br>5.Қортынды<br>**көркем әдебиет** | **Математикалық ұғымдар**<br>**Мақсаты:** әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыруды үйрету;<br>• балаларға 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бес-бестен бір топқа біріктіруді үйрету;<br>•оқиғаның ретін анықтауға үйрету;<br>**Барысы:**<br>1. Шаттық шеңбері.<br>2. Екі зат тобын салыстырып<br>3.Д.О «зат неге ұқсайды!»<br>*Мақсаты:* Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытындылау<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасында тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері, халық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстан Республикасында | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** Оңға, солға бұрылу, өз төңірегінде айналу кезінде бір уақытта қос аяқпен жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Жүрген кезде қолды әртүрлі қалыпта ұстауға үйрету, зейіні мен үйлестіру қабілетін дамыту. Жүгіру бағытын өзгерту қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастырамыз. Толерантты болуға тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1. Басындағы қабымен гимнастикалық орындық бойымен, дене бітімін сақтай отырып жүру<br>2.ЖДЖ.<br>3.Негізгі жаттығу<br>- қос аяқпен жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайтуды<br>- Оңға, солға бұрылу, өз төңірегінде айналу<br>4. Қ.О. «Кішкентай және үлкен аяқтар»<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Мақсаты:** Мазмұнды сурет арқылы ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>а) Мазмұнды сурет бойынша берілген тақырыпқа ертегі құрау<br>ә) Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдай отырып, бір-біріне жылы лебіздер айта білу дағдысын дамыту, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.<br>б) Сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2. Мазмұнды сурет бойынша берілген тақырыпқа ертегі құрау<br>3. Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдай<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытындылау<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету Эстетикалық талғамды бейнелеуді қалыптастыру. Табиғатта |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаратылыстану**<br>**Мақсаты:** Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастармен және ересектермен еркін қарым қатынас барысында танымдық зертеушілік іс әрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2. жел туралы туралы видео<br>3.Сергіту сәті.<br>4.Қорытынды.<br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Балалармен бақыт туралы сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу. Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау.<br><br>**Барысы:**<br>1.Ән тыңдау:«Көктем» (Өлеңін жазған: Т. Исабеков; музыкасын жазған: Д. Гусинцов)<br>2.Ән айту:Көктем келді ( Б.Бейсенова)<br>3.Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі<br>4.Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүлiміз» (Б. Гизатов) | **Мақсаты:** театрландырылған қойылым арқылы балалардың тілін дамыту. Сөздік қорларын байыту,кейіпкерлердің іс әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге үйрету.шығарма барысын,мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету,балаларды татулыққа , адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. қимыл қозғалыстарына дауыс ырғағына қарай тани білу.<br>3.Сергіту Сәті<br>4. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау.<br>6.Қортынды | тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері туралы білім беру.Қазақстан мәдениетіне құрметпен,сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Барысы.**<br>1.Жұмбақтар<br>2. халық музыкалық аспаптары туралы видео.<br>3. Сергіту сәті<br>4. Д.О: «Ойлан тап?»<br>5.Қортынды | орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.<br>5.Қортынды<br>**Русский язык**<br>**Мақсаты:** Закрепить умениясчитать до 10 в прямом и обратном порядке, составлять словосочетания, предложения из 2-3 слов.<br><br>**Барысы:**<br>1.Балалармен шағын қыс туралы әңгіме жүргізу.<br>2. Сұрақ жауап.<br>3.Сергіту сәті.<br>4.Қорытынды<br>**Аппликация**<br>**Мақсаты:** Дайын кесілген суреттерді қолданып, жырту тәсілдер арқылы ұсақ бөлшектермен толықтыруға үйрету біліктілігін бекіту. Жапсыруға деген қызығушылығын ояту.<br><br>**Барысы.**<br>1.Балалармен әңгіме жүргізу.<br>2. жырту тәсілдер арқылы ұсақ бөлшектермен толықтыруға үйрету.<br>3.Саусақ жаттығуы<br>4.Қорытындылау. | кездесетін көріністі бейнелеуге үйрету. Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру , өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру,қиялын дамыту , табиғаттың келбетін, әр жыл мезгілінің ерекшелігінетән белгілерді ажырата білу, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабылдау сезімдерін дамыту, іскерлікке тәрбиелеу.<br><br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Жұмбақ жасыру<br>3. жапырақ» тәрізді бейнеге келтіру әдіс-тәсілі арқылы қойдың суретін салу<br>4.Сергіту сәті.<br>5. Д.О.№ 4.15<br>6.Қорытындылау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:** | **Бақылау**<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарың, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.<br>***Қимылды ойын***<br>«Көбелектер, бақалар,көкқұтаю»<br>Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>***Еңбек іс-әрекеті***<br>Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.<br>Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.*<br>«Төртінші артық»<br>Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау | **Бақылау**<br>Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту,бірақ ұя құска үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу,оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау.(қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б)Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту.<br>***Қимылды ойын***<br>***«Ұшу»***<br>Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету.<br>***Еңбек іс-әрекеті***<br>Құстарға ұя жасауға көмектесу. Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығушылықтары мен | **Бақылау**<br>Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру;Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр,қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады. Ерте көктемде 2-3 күнде қарағайдың жіңішке бұтақтарында көк-жасыл түсті қылқан шоқтары пайда болады. Олардың арасында қызғылт немесе жасыл бүршіктер және сары масақтар көрінеді. Көктемгі табиғаттың сұлулығын ұғына білу біліктілігін арттыру.<br>***«Бүршіктен атта»***<br>Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау,жүгіру(оң және сол жақпен),жүру-тоқтамау,кідіріссіз.Шыдамдыл ықтарын дамыту.<br>***Еңбек іс-әрекеті***<br>Қылқан жапырақты ағаштарды күту(қажетті жағдайда) балаларды діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру.Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды,іскерлік мәдениетті тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама.* | **Бақылау**<br>Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылыңды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету<br>**Қимылды ойын**<br>**«Көк шөптегі хоккей»**<br>Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Ауладағы қураған шөпті жинау<br>Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару).<br>Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар.<br>Тәжірибе мен сараптамалар<br>Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>Балаларды табиғатта болып | **Бақылау**<br>Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді.<br>**Болжам**<br>Егер жабайы үйректер күндіз топа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге.<br>Қимылды ойын<br>**«Үйрек»**<br>Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру. Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау.Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.<br>**«Кімге не дәмді?»**<br>Суретке қарап әр құстың тамағын тауып,көрсету. Шағала-балық,үйрек-балдыр,көкқұтан-бақа,торғай-жем,жалақ-тышқан және т.б<br>**Тәжірибе.** «Суда жүзетін құстардың тұмсығы неге осындай?» Құстардың тіршілігі мен құрылысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күн суыды , моллас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз ( 3-4рет)<br>3.Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату (4-5 рет)<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып өзімізге қарай тарту (4-5 рет)<br>Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру,<br>өкшеміз еденде ( 4-5 рет)<br>Жіпке байланған көбелектерді үрлеу ( 4-5 рет) | жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет)<br>2. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет)<br>3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз ( 3- 4 рет)<br>Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу ( 4-5 рет) | сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет)<br>**3** Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. (10 сек)<br>Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . (10 сек)<br>**4** Демалу жаттығулары<br>Мяууу мяууу мяуууу<br>Фррр фрррр фрррр | Уықтар боп иіліп (қолдармен биік көтереді)<br>Шаңыраққа киеліп (қолдарын биік ұстап, саусақ ұштарын иеді)<br>Қазақ үйін құрамыз .<br>(Барлығы қайтадан қолдарын ұстасады) | бастапқы қалыпқа келу.<br>**4.** "Құстар көңілденіп жатыр"<br>- Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. |
| **Бесін ас** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкегс жеке** | **«Жүргізуші»**<br>Мақсаты: мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыққа тірбиелеу, жолда жүру ережелерін біліп сақтауға үйрету.<br>Керекті құралдар: роль, машине, жүргізуші, жолда жүру белгілері, бағдаршам, МАИ қызметкері, жаяу жүргіншілер. | **«Дүкен (азық-түліктер бөлімі)»**<br>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ойын барсында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау.<br>Ойынды рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.<br>Керекті құралдар: сөрелер, сатушы, азық-түліктер, касса, ақша, сатып алушылар. | **«Диктор»**<br>Мақсаты:Мамандықтардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру, балалардың білімдерін молайту, диктор, оператор қызметтері жайлы білу.<br>Керекті құралдар: диктор, оператор, теледидар, бейне камера, микрофон. | **«Теңізші»**<br>Мақсаты: Балаларды батылдыққа тәрбиелеу, теңізші мамандығымен таныстыру, қызықтыру.<br>Ойын арқылы сөздік қорлрын байыту, тілдерін жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: теңізшілер киімдері, бас киімдер, кеме суреті. | **«Ойыншықтар дүкені»**<br>Мақсаты: Мамандықтардың түрлері туралы білім беру, оларды ажырата алуға үйрету, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, сатушы мамандығы туралы білімдерін кеңейту.<br>Керекті құралдар: түрлі ойыншықтар, сөрелер.<br>Қатысушылар: сатушы, сатып алушы, дүкен меңгерушісі, балалар. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау.<br>***Өз бетімен іс-әрекет***<br>Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын, мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру. | сүйіспеншілігін дамыту.<br>*Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.*<br>**Өз бетімен іс-әрекет**<br>Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету.(үй,кеме және т.б) Ойын барысында табиғи заттарды қолдану(құм,су және т.б)<br>Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту. | «Бұтағына қарай ағашты табу» Бөліктерден бүтін құру. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету.<br>***Өз бетімен іс-әрекет***<br>Ойынды ұйымдастыру барысында (қажетті жағдайда және оның барысында )балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын, өз рөлдерінің орнын білуін,бір-біріне достық сезіммен қарауын, қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу. | жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.<br>Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім кезін ойын кезінде көрсете білу. | арасындағы байланысты дамыту.<br>Қорытынды: Үйректердің, қаздардың және аққулардың тұмсығы жалпақ, ұзыншақ болады,ол жемін ұстап алуға, сүзгіден өткізуге, суда өзіне жем табуға көмектеседі.<br>**Өз бетімен іс-әрекет**<br>Ойын таңдау барысында балалардың дербестігін дамыту. Ойынның мазмұнын құруда және барысында белсенділікті тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Түзеу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету.<br>Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет)<br>2.Өзімізді уқалау. Күзде | 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз ( 2- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , | 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу.<br>**2** Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын | 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау .<br>2 . Еденге жалаңаяқ тұрып.<br>**Қазақ үйін құрамыз**<br>Дөңгеленіп тұрамыз (шеңбер болып тұрады)<br>Керегені құрамыз (қолдарын бір – бірінің қолымен ұстасады ) | "Құстар"<br>**1.** "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сал алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау - «құстар қанат қағып жатыр».<br>**2** . «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сал алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.<br>**3.** «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сал алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | Әңгіме құрастыру. Көктем мезгілі туралы айту. Көктемнің алғашқы гүлдері. Мақсаты: Гүлдермен танысып, атын атай білуге үйрету. Аяжан. Нұразиз | Орыс тіліндегі қарапайым сөздерді жаттату.Мақсаты: Мағынасын ашу. Дұрыс айта білуге баулу. Дінмұхаммед, Сабина | Дидактикалық ойын «Атын атап бер» **Мақсаты:**түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Азат, Ақгүл | Цифрларды қайталау. Тура –кері санату. Мақсаты: Есте сақтау қабілетін арттыру. Әділет, Мұқамбет | Дидактикалық ойын «**Ғажайып қапшық**» **Мақсаты:** баланың [illegible] көрген ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| | **К/о**: «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** Балаларды жеңіл , бір-бірімен соқтығыспай жүруге , өрмелей білуге , жылдам барып өз орнын таба білуге машықтандыру | **К/о:** «Бұл кім?» **Мақсаты:**Балалардың сөйлеу мәнерін дамыту,аты-жөнін дұрыс айта білуге машықтандыру | **К/ о:** «Шешуін тап» **Мақсаты:**Түстер туралы ұғымды бекіту,баланың тапқырлығын,ақыл-ойын дамыту,айыра білуге үйрету. | **К/о:** «Қоянжақты қуантайық!» **Мақсаты:** Балаларды мейірімділікке ,бауырмашылдыққа ,кішіпейілдікке тәрбиелеу | **К/о:** «Тиын тастамақ» **Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, [illegible] үйрету. |
| **Серуен** | Серуен кезіндегі күндізгі іс-әрекетін кайталау,толықтыру.Өз еріктері бойынша ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата – аналарға кеңес: «Балалардың жеке бөлмесі» | Ата – аналарға кеңес «Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Балалар отбасындағы адамдар не істей алатындары туралы әңгімелесу |